

М «Болашақтың сарқылмас энергия көздері» секілді тақырыптар. Жұмыс болған жерде кемшіліктің де қатар жүретіні рас. Біздегі ақсап тұрған, яғни, бірлестіктегі өттеген- ай дейтін жұмыстар: Біріншіден үйірме жұмыстарының толық жүзеге аспауы, атап айтқанда, жоспар бар, біраз жұмыс жүрген қазан, қараша айларында, одан кейін тоқырап тұр. Екіншіден Пизза тапсырмаларымен жұмыс қолға алынғанымен жұмыс жүрісі баяу. Үшіншіден шығармашылық жұмыс биылға өңделмей, аяқсыз тұр. Алдағы уақытта жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді болдырмауға бірлестік мұғалімдері ұйымшылдықпен әрекет жасайды.

Жаратылыстану пәндер бірлестігі мұғалімдері үнемі ізденімпаздықпен, жаңашылдықпен жұмыс істейді деп педагогикалық ұжымды сендіремін.

Қабылданған қаулы:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Э.Сайдалиеваның баяндамасы назарға алынсын.
2. Үйірме жұмыстары жүргізіліп, оған бағыт-бағдар, әдістемелік көмек беру әдіскер А. Абдихаеваға тапсырылсын.
3. Халықаралық Пизза тапсырмаларымен жұмыс жүргізу және Ұлттық білім берудің сапасын бағалау орталығынан келетін тапсырмаларды дер кезінде орындап отыруды қадағалау ДОДЖО Б. Танатаровқа жүктелсін.
4. Оқытушылардың шығармашылық жұмыстары жандандырылсын, оны бақылау басшылық жасауды әдіскер а. Абдихаева қолға алсын.

Күн тәртібінде:

3. Бітіруші курстың №19, №82, №83, №84 топтардағы оқу мен тәлім-тәрбие жұмыстарының орындалуы, практикадан өткізуді ұйымдастыру жайлы және ішкі бақылау қорытындылары. (Сағындыков А.)

Тыңдалды: Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері !

Күн тәртібіндегі көрсетілген колледждегі оқитын топтардың 2021-2022 оқу жылында өндірістік іс-тәжірибеден өту барысы жайлы мәлімдемені тарқатып айтар болсам:

1. III-курс, №19 «Арнайы тігінші» тобы. Оқушы саны – 25. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты 24.11.2021 ж. – 31.12.2021 ж. аралығы. Сағат саны – 180. II-жарты жылдықта өтетін өндірістік іс тәжірибе сағаты – 144. Барлығы – 324 сағатты құрайды. Өтілген кезеңдегі іс-тәжірибеде барлық білім алушылармен жеке кәсіпорындар арасында келісім шарттар түгел түзілген. Бұл топтың басым көп білім алушылары «Созақ аудандық мүгедектер қоғамы» тігін цехмен және Созақ ауылындағы «Умида» тігін цехымен, сондай-ақ білім алушылар өздерінің тұрғылықты жердегі ауылдағы тігін цехтарымен келісім жасасып, сол жерлерден өтті.
2. III-курс, №82 «Электргазымен дәнекерлеуші» тобы. Оқушы саны – 26. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты 29.11.2021 ж. – 29.12.2021 ж. аралығы. Сағат саны – 180. II-жарты жылдықта өтетін өндірістік іс тәжірибе сағаты – 792. Барлығы – 936 сағатты құрайды. Өтілген кезеңдегі іс-тәжірибеде және алдағы уақыттағы болатын іс-

тәжірибеге барлық білім алушылармен жеке кәсіпорындар, шаруа қожалықтар арасында келісім шарттар түгел түзілген.

3. III-курс, №83 «Бір ожаулы эксковатор машинисі» тобы. Оқушы саны – 24. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты 25.12.2021 ж. – 13.06.2022 ж. аралығы. Барлығы – 828 сағатты құрайды. Өтілетін кезеңдегі іс-тәжірибеге барлық білім алушылармен жеке кәсіпорындар, шаруа қожалықтар арасында келісім шарттар түгел түзілген.
4. III-курс, №84 «Токарь» тобы. Оқушы саны – 25. **Өндірістік оқу** өту уақыты 10.01.2022 ж. – 13.06.2022 ж. аралығы. Барлығы – 828 сағатты құрайды. Өтілетін кезеңдегі іс-тәжірибеге барлық білім алушылармен жеке кәсіпорындар, шаруа қожалықтар арасында келісім шарттар түгел түзілген.

Бұл 2021-2022 оқу жылында колледжімізді бітіруші топтары туралы мәлімдеме.

Сондай-ақ, II-курстағы оқитын 4 (төрт) туралы да қосымша айтар болсам:

5. II-курс, №20 «Арнайы тігінші» тобы. Оқушы саны – 25. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты 02.12.2021 ж. – 27.12.2021 ж. аралығы. Сағат саны – 108. II-жарты жылдықта өтетін өндірістік іс тәжірибе сағаты – 216. Барлығы – 324 сағатты құрайды. Өтілген кезеңдегі іс-тәжірибеде барлық білім алушылармен және «Созақ аудандық Демеу мүгедектер қоғамы» тігін цехмен дуальдық оқу бағдарламасы бойынша келісім шарттар жасалып сол жерден өтті.
6. II-курс, №86 «Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы машинист» тобы. Оқушы саны – 25. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты 30.11.2021 ж. – 29.12.2021 ж. аралығы. Сағат саны – 138 Өтілген кезеңдегі іс-тәжірибеде барлық білім алушылармен және кәсіпорындар мен шаруа қожалықтар арасында келісім шарттар түгел түзілген.
7. II-курс, №85 «Электргазбен дәнекерлеуші» тобы. Оқушы саны – 25. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты II-жарты жылдықта теориялық сағаттар бітуіне байланысты.
8. II-курс, №87 «Токарь» тобы. Оқушы саны – 25. Өндірістік іс-тәжірибеден өту уақыты II-жарты жылдықта теориялық сағаттар бітуіне байланысты.

Алдағы уақытта Таукент колледжнің қосылуына байланысты өндірістік іс тәжірибе мәселесі бойынша қайта есеп берілетін боламын.

Колледждің тұрақты бас әлеуметтік әріптестері:

2. «Сырлы Созақ» ЖШС;
3. «Бибо» ЖШС;
4. «Таукент» орталықтан авто-тасымалдау шаруашылығы;
5. «Созақ ауданы әкімдігінің «Созақ сәулет» МКК;
6. «Созақ» аудандық мүгедектер қоғамы;
7. «Созақ» ауданы «Демеу» мүгедектер қоғамы;
8. «Көкалаң» ш/қ;
9. «Тарса» ш/қ;
10. «Сардар» ш/қ;
11. «Ашым-Ата» ш/қ;
12. «Кішкінбаев Д.» ш/қ;
13. «Ақназар» ш/қ;
14. «Абдраман» ш/қ;
15. «Аяпов Б.» жеке кәсіпкер;
16. «Қожамкулов М.» жеке кәсіпкер, т.с.с. басқалары.

Қабылданған қаулы:

1. Колледждегі өндірістік оқумен, бітіруші №19, 82, 83, 84 топтарының өндірістік іс тәжірибеден өту барысы жайлы ДООЖЖ орынбасары А.Сағындыковтың жасаған баяндамасы назарға алынсын.
2. Өндірістік іс тәжірибеден өтушілердің келісім шарттар бойынша жұмыс орындарында болуды және күнделіктерін дұрыс толтырылуын, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды бітіруші топтардың өндірістік оқыту шеберлері Г.Ушибаева, М.Атабаев, Ш.Имамов, Р.Нұрханов, Ж.Төлеубеков, И.Самандаровтардың негізгі міндеттері болып табылсын.
3. Өндірістік іс тәжірибеден өтетін білім алушылардың толыққанды жұмыс орындарында сапалы өтуін және шеберлердің жұмыстарын қадағалауды ДООЖЖ орынбасары мен аға шебер Н.Ерікке жүктелсін.

Күн тәртібінде:

- 4.«WorldSkills Kazakhstan-2021» чемпионаты байқауына қатысатын мамандықтар бойынша дайындық жұмыстарының барысы жайлы. (Ерік Н.)

Тыңдалды:

Бүгінгі педагогикалық кеңесте 2021-2022 оқу жылындағы «WorldSkills» чемпионатына дайындық жұмыстары » дайындығы барысы жайлы қойылған. Жалпы 2021-2022 оқу жылында колледжде 19 өндірістік оқыту шебері жұмыс жасайды. Олардың жоғары білімдісі – 18, арнаулы орта білім – 1. Санаттары бойынша: Жоғары -4, бірінші -3, екінші санатты -6, санаты жоқтар -6.

«WorldSkills Kazakhstan - 2022» VI-Республикалық кәсіби шеберлік Чемпионаты жас кадрларды экономиканың өндірістік секторына тартуға және елдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға ықпал етеді.

«Worldskills» —мақсаты жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту болып табылатын халықаралық коммерциялық емес қозғалыс. 75 қатысушы мемлекеттегі өндіріс саласындағы дәстүрлі қол өнерден көп бейінді

кәсіпке дейінгі және қызмет көрсету саласындағы қозғалыс, WorldSkills әлемнің барлық кәсіптік білімнің дамуына тура әсер етеді.

«WorldSkills» чемпионаттары екі жылда бір рет әр мемлекеттерде болады, оған 22 жасқа дейінгі колледж және университет студенттері, білікті жас мамандар, сонымен қатар танымал мамандар, кәсіпқойлар, өндірістік оқыту шеберлері мен тапсырмаларды орындауды бағалайтын сарапшы ретіндегі нұсқаушылар қатысады.

Үміткерлер «WorldSkills» 75 қатысушы мемлекеттердің өңірлік кәсіптік чемпионаттарынан іріктеледі. Олар өздерінің шынайылыққа максималды жақын тапсырмаларды шеше отырып, жеке және ұжымдық сапасын, техникалық қабілеттерін көрсетеді. Командалар нәтижелері тек қатысушылардың жеке кәсіби сапасы туралы ғана емес, сондай-ақ жеке кәсіптік дайындық деңгейі мен қатысушылардың келген елінің қызмет көрсету сапасының деңгейі туралы көрсетеді.

Колледж 5 мамандық бойынша жұмыс жасайды.

1. «Тігінші» мамандығы бойынша 2022 жылы чемпионатқа қатысушы 19-топ студенті Колхоз Айгүл, жетекші Г.Ушибаева.
2. «Токарлық іс және метал өңдеу» мамандығы бойынша қатысушы Сейтбек Өмірбек, жетекшіс Нурханов Рахым, Ерментаев Орынқали.
3. «Электргазымен дәнекерлеуші» мамандығы бойынша 85-топ студенті Парманқұл Юсуф, жетекші Атабаев Мамыржан, Имамов Шавкат.
4. «Ауыл шаруашылығындағы тракторист-машинисі» мамандығы бойынша 86-топ студенті Қойшыбаев Қойшыбай, жетекші Анарбайұлы Жомарт.

«Тігінші», «Электргазбен дәнекерлеуші» «Фермер шаруашылығы», мамандықтары бойынша тұрақты қатысып келеміз. «Токарлық іс» мамандығы бойынша 2019 жылы бір рет қатыстық.

Содай-ақ «Фермер шаруашылығы» бойынша 2021 жылы 80-топ студенті Утенбаев Улугбек, Рысбаев Бағдат және Айтжанов Махмұттың жетекшілігімен II-орынды иеленді.

2021 жылы пандемияға байланысты «Тігінші», «Электргазымен дәнекерлеуші», «Токарлық іс және метал өңдеу» мамандықтары бойынша жарысы өтпеді

Қабылданған қаулы:

1. «World Skills-2022» облыстық чемпионатқа колледждегі 4 (төрт) мамандық бойынша, тиісті арнайы пән оқытушылары мен жетекшілері Р.Нурханов, О.Ерментаев, Г.Ушибаева, Ж.Анарбайұлы, М.Атабаев, Ш.Имамовтар қатысатын білім алушыларды іріктеу арқылы анықтап, оларды тиянақты және жоғары сапалы сапада дайындап қатыстыру, негізгі міндеттері болып табылсын.
2. «World Skills-2022» облыстық чемпионатқа қатысатын білім алушылар мен жетекшілерінің жүргізіп жатқан жұмыстарына бақылау басшылық жасау ДООЖ орынбасары А.Сағындыков пен аға шебер Н.Ерікке жүктелсін.

Күн тәртібінде:

5.2021-2022 оқу жылындағы Жастар ұйымының және парасаттылық мектебінің жұмысы жайлы (Нұрмаханова У)

Тыңдалды:

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін студенттердің бойында қалыптастыру, этнопедагогика мен этнопсихология материалдарын ұтымды пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі. Көп ұлтты Қазақстанның бүгінгі жаңару бағыты – жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтардан сусындаған, ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасып, жан-жақты жетілген парасатты азаматтар тәрбиелеу.

Кез келген уақытта, кез келген қоғамда және мемлекетте сыбайлас жемқорлық әрекеттері және ол әрекеттермен күрес болған. Қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті тақырыптардың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік құбылыс. Оның себебін, мағынасын толық түсіну мүмкін емес, деп есептейді ғалымдар. Бір ғана факт бар: жемқорлық – қоғамның дамуын тежегіш фактор. Бұл ұғымның ресми түсіндірмесі бар. Латын тілінен аударғанда сыбайлас жемқорлық – сындыру, бүлдіру, зақымдау, құлдырау деген мағынаны білдіреді. Латын термині «corruptio» екі түбірден құралған сөз: «cor» - жүрек, жан, рух, ал «ruptum» - бүлдіру, бұзу. Демек, «сыбайлас жемқорлық» сөзінің астарында тек лауазымды тұлғаның пара алуы немесе бюджет қаржысын қалтасына басуы емес, сонымен қатар әлеуметтік жүйе, мемлекеттік билік жүйесінің құлдырауы ұғымдары жатыр. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана дегеніміз – бұл адамдардың жемқорлық әрекетті әлеуметтік зұлымдық әрі қауіпті әрекет деп қабылдауы, оған қарсы пайда болатын ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз – бұл адамның саналы түрде және адамгершілік қасиетімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, пара сұрамау, пара бермеу, мемлекеттің мүлкіне қол сұқпауы.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қандай төмендегі жұмыстар атқарылып жатыр.

«ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Саналы ұрпақ», «адал ұрпақ» деген клубтар құрылды. Жобалардың басты мақсаты өскелең ұрпақ арасында жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру. «Саналы ұрпақ» клубы жоғары оқу орындарымен колледж студенттері арасында жұмыс істейді. Қазіргі таңда университет және колледждерде 800 ден астам клубтар бар. Онда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Мектеп оқушыларын қамтитын «Адал ұрпақ» жобасы 3000 мектепте бар.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының бастамасымен Созақ ауданындағы «№1 колледж» МКҚК-ында Парасаттылық мектебі құрылып, белсенді студенттерден құралған «Саналы ұрпақ», «адал ұрпақ», «ізгілік елшілері» клубтары жұмыс атқаруда.

Бұл клубтар жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі, жемқорлыққа қарсы балалар шығармашылығының байқаулары ұйымдастырылады, қайырымдылық, ізгілік жұмыстарымен айналысады.

Парасаттылық мектебі қоғамдық жұмыстардың белсенділігін арттыру мақсатында «Адалдық алаңы» деп аталатын жобалық кеңселер ашылды. Колледж белсенділері агенттік қызметкерлерімен бірлесіп қоғамды жемқорлық дертінен құтқару жолында колледжде түрлі іс-шаралар ұйымдастырап және облыс көлеміндегі ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып жүр.

Атап айтар болсақ Құрметті қазақстандықтар!

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасымен барлық азаматты Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының алдағы бес жылға арналған Тұжырымдамасын белсенді талқылауға шақыру мақсатында. Жемқорлықты тек бірге жеңеміз! Атты сайтты студенттер чаттарына тарату тапсырмасын орындап Фейсбук желісінде жарияланды.

Халықаралық қарттар күніне арнаған «Ардагерлерді ардақтайық» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шараға колледжде еңбек етіп кеткен ардагер ұстаздар Б.Искаков, М.Атабаев ағайлар қатысты.

«№1 колледж» МКҚК-ның жастар ұйымы, өзін-өзі басқару ұйымы және еріктілер клубы мүшелері 2021 жылдың 29 қыркүйек күні «1- қазан Халықаралық қарттар күні»не орай Созақ ауылындағы жалғызбасты ана Дауылбаева Алмагүл апаның үйіне барып үй шаруаларына көмектесіп қайтты.

2 қазан күні аталып өтетін техникалық және кәсіптік білім беру күніне орай «№1 колледж» МКҚК жастар ұйымы және өзін-өзі басқару ұйымы қазанның 4-жұлдызы күні колледж мұғалімдерін құттықтап, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚОҒАМ БОЛЫП ТӨТЕП БЕРУ МАҢЫЗДЫ

Кез келген адам пара талап еткен жағдайда, Сіз Агенттіктің сенім телефонына - 1424 нөмірі бойынша хабарласа аласыз. Тақырыбындағы ұнқағаз колледждегі Хабарландыру тақтайшасына ілінді.

2021 жылдың қазан айының 12 жұлдызы күні «№1 колледж» МКҚК-ның жастар ұйымы мен өзін-өзі басқару ұйымдарының ұйымдастыруымен «Күз-мерекем, күз – берекем» атты күз аруы күз ханзадасы сайысы болып өтті. Студенттер жұп болып сайысқа түсіп, 6 шарт бойынша өз бақтарын сынады. Әділ қазылар алқасының қорытындысымен №19 топ студенті Оңғарбай Жұлдызаймен №82 топ студенті Меркул Бедияр жұбы бас жүлдені жеңіп алып мақтау қағазымен марапатталып, Созақ ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілетін «Алтын күз аруы» байқауына жолдама алды.

Созақ ауданы Созақ ауылындағы «№1 колледж» МКҚК-нда жастар ұйымымен өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «30 жылдықта 30 көшет» акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды.

26.10.2021 жылы Түркістан қаласындағы Түркістан оқушылар сарайында Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментінің «Sanaly Ugraq» жобасын іске асыру мақсатында өткізілген «Sanaly Ugraq» ерікті студенттердің облыстық слеті болып өтті. Слетқа Созақ ауданындағы «№1 колледж» МКҚК-ның ерікті студенттерден құрылған «Адалдық елшілері» командасы (жетекшісі жастар ұйымының төрайымы У.Нұрмаханова) қатысып арнайы сертификаттар алып қайты.

28.10.2021 жылы Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастырумен Кентау қаласындағы «№7 колледж» МКҚК-ның базасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Білімді ұрпақ-Тәуелсіз ел тірегі»

атты облыстық жастар форумы ұйымдастырылды. Форумға Созак ауданындағы « №1 колледж » МКҚК-нан 7 студент қатысып жүлделі орындарды иеленді. «Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы » интеллектуалды сайысының «Kahoot» ойынында №20 «Арнайы тігінші» тобының студенті З.Балақан, №21 «Арнайы тігінші» тобының студенті А.Әбілқасым І-орын иеленсе, №85 «Дәнекереуші» тобының студенті Ю.Парманқұл, №84 «Токарь» тобының студенті Ж.Шәріпбек «Мұрагер» квест ойындарынан жүлделі ІІ-орын иегері атанды. №20 «Арнайы тігінші» тобының студенттері О.Барат, Ш.Тұрқали және №88 «Дәнекерлеуші» тобының студенті А.Әкетай Алғыс хатпен марапатталды.

«№1 колледж» МКҚК-ның Парасаттылық мектебімен өзін-өзі басқару ұйымы жоспарына сәйкес 5 қараша күні колледж студенттерінен құралған «Үшқыр ой» дебаттық клубының мүшелері «Онлайн немесе офлайн. Сіздің таңдауыңыз?» тақырыбында дебат өткізді.

«№1 колледж» МКҚК директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жылдық жоспарына сай колледж жастар ұйымы мен өзін-өзі басқару ұйымдарының ұйымдастыруымен 17-қараша «Студенттер күні»не орай колледж студенттері арасында «Ел ертеңі біздер» тақырыбында ауқымды іс-шара болып өтті. Іс-шарада әр топ студенттерінен құралған командалар қатысып, әр түрлі жарыстарда өзара белдесті.

Әділ қазылар алқасының шешімімен арқан тартыс сайысында: №84 «Токарь» тобының студенттері І орын, №89 «Фермер шаруашылығы» тобының студенттері ІІ орын, №90 «Фермер шаруашылығы» тобының студенттері ІІІ орын Квест ойындарында №84 «Сұңқар» тобы І орын, №20 «Шамшырақ» тобы ІІ орын, №85 «Жалынды жастар» тобы ІІІ орын, қол күрестен : №84 «Токарь» тобының студенті Ш.Жаксыбек І орын, №88 «Электргазымен дәнекерлеуші» тобының студенті С.Шалтай ІІ орын, №84 «Токарь» тобының студенті Р.Амет ІІІ орын иеленсе, кір тасын көтеру сайысында №88 «Электргазымен дәнекерлеуші» тобының студенті С.Шалтай І орын, №84 «Токарь» тобының студенті Б.Ораз ІІ орын, №89 «Фермер шаруашылығы» тобының студенті Ғ.Сүлеймен ІІІ орын иеленді. Іс-шараның соңы студенттердің дайындаған мерекелік кешімен жалғасты.

17-қараша студенттер күніне орай «№1 колледж» МКҚК-ның бір қатар белсенді студенттерін Созак аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Ж.Тулепбергенов Алғыс хатпен марапаттады

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Тәуелсіздік жетістіктерін дәріптеу мақсатында Саналы ұрпақ клубының ұйымдастыруымен «Желтоқсан-Тәуелсіздіктің бастауы» тақырыбында Kahoot ойыны өткізілді.

ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдар аралығында іс-шаралар жоспарын орындау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар арасында адалдық құндылықтарын кеңінен насихаттау мақсатында №1 колледжде «Таза сессия» акциясы өткізілді. Акцияға колледж студенттері тартылды. Акция барысында сыбайлас жемқорлық фактілерінің пайда болу сипаттары, себептері туралы айтыла келіп, сыбайлас

